

"Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы ұсыныс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 264 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 26 қыркүйектегі № 711 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы ұсыныс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 264 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманың жобасында:

1-бапта:

1) және 8) тармақшалар алып тасталсын;

10) тармақша мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"40-тармақтың бірінші абзацындағы "Астана" деген сөз "Нұр-Сұлтан" деген сөзбен ауыстырылсын;"

мынадай мазмұндағы 17) тармақшамен толықтырылсын:

"17) Өнеркәсіптік субсидиялар берудің бірыңғай қағидалары туралы хаттаманың (көрсетілген Шартқа № 28 қосымша) 2-тармағының екінші абзацында және Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау шаралары туралы хаттаманың (көрсетілген Шартқа № 29 қосымша) 2-тармағының екінші абзацында "Астана және Алматы" деген сөздер "Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент" деген сөздермен ауыстырылсын."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин